


ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

Кез келген мемлекетті ұйыстыратын бірінші фактор – ортақ тарих. Тарихын терең таныған, өткеннен тағылым алған ел ғана ертеңге нық қадам басып, іргелі мемлекетке айнала алады.

Осы орайда Тәуелсіздігін баянды ету жолына бет түзеген қазақ халқының да тарихтың “ақтандарын” ашып қарап, өткенге үнілгені маңызыды. Ұлттымыздың кейінгі бірнеше ғасыр бойы тарихының негізі бабаларымыздың азаттық жолындағы күресінен тұрады. Құштеп ұжымдастыру, ашаршылық, сталиндік құғын-сүргін, екінші дүниежүзілік соғыс сынды қаси्रетті оқиғаларды айтпағанының өзінде қазақ даласында жүздеген көтерілістер мен толқулар орын алды. Соңғы уақытта төл шежіреміздің “ақтандак беттерін” ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Ұлттық мұдде жолында өткенимізді тануға тарихшы ғалымдармен қатар ақын-жазушылар да өз үлесін қосуда. Өткіншікे қарай, тоталитарлық жүйе кеңестік қаламгерлердің бұл тақырыптарға терең бойлауын мүмкіндік берген жоқ. Соған қарамастан өз шығармаларында өткір тақырыптарды көтерген авторлар табылып жатты. Еліміз Тәуелсіздік алған уақыттан бастап қатал цензура әлсіреп, зиялларамыз ұлт үшін өзекті тақырыптарды еркін жазуға мүмкіндік алды. Осы жылдары жарыққа шыққан тарихи туындылар тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің үлкен жетістігі саналады. М.Магаунин, Т.Зекенұлы, Қ.Жұмаділдаев, С.Елубай сынды қаламгерлер қазақ тарихының түрлі кезеңдері жайлы қалам тартты. Осы топтың ішін-



де қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған тұста ашы шындықты қаймұқпай жазған Смағұл Елубайдың орны бөлек. Оның “Ақ боз үй”, “Мінажат”, “Жалған дүние” романдары бірнеше ғасырлық қаси्रетті сипаттап, ұлт басына төнген науебетті бейнелейді. Аталған трилогияны оқығаннан кейін жазушы шығармашылығын терең тануға деген қызығушылық оянып, Алматыға барған сапарымызда қарымды қаламгермен кездесіп, ұлт тарихы, әдебиет, ұлттық мұдде туралы әңгімелесудің сәті тусти.

Талай алқалы топта сөз бастап, іргелі басылымдар мен ақпарат құралдарына сұхбаттары жи шығатын жазушы біз сияқты жастардың ұсынысын қабыл алғанына қатты құандық. Жайдары мінезді, қарапайым қаламгер бізді жылы қарсы алып, әңгімесін бастап кетті. Ол бізге өзінің тарихи романдарының қалай жазылғанын, қандай қындықпен жарық көргенін, ондағы тарихи шындық туралы әңгімеледі. Біздің осы тақырып-

қа қызығып, зерттеп жүргенімізді білген жазушы “Ақ боз үй” романының алғашқы қолжазба нұксасын көрсетті. Оны қаламгер қалың дәптерге 2-ші курста түсіріп, “Адасқан ауыл” деп тақырып қойған екен. Демек Смағұл Елубай қазіргі біз сияқты жаисында ұлттының ертеңіне аланадап, 20-30 жылдардың зобалаңы туралы романының сұлбасын жасап қойған. Сөйтіл, студент шағынан күні бүтінге дейін шерлі тарихымызды зерделеп, ұлт мұддесіне қызмет етіп келеді. Жазушының күні кеше баспа бетін көрген балалық шағы туралы естеліктерін де автордың қолынан алдып, тағы бір қазынаға кенеліп қалдық.

— “Ақ боз үй”, “Мінажат”, “Жалған дүние” романдары күштеп ұжымдастыру, ашаршылық және тоқырау кезеңіндегі бір отбасының тағдырын баяндайды. Оnda жазылғаның бәрі – біздің ауыл адамдарының басынан өткен қындықтары. Үш шығармада да ортақ жөпі бар. Алғашқы роман жарық көргенде әдеби ортада үлкен

әңгіме болды. Алматыға оқуға түскеннен кейін кітаптарды оқып, ашаршылық жайлы жазылғаның бәрі жалған екенін көрдім. Ал біздің үлкендерден естіп өскен әңгімеміз мүлде басқаша еді. Сөйтіл, “Адасқан ауыл” деп өз ауыльмының тарихы туралы жазуды қолға алды. Мұндай тақырыптың студент үшін жеңіл жүк емес екенін кейін түсіндім. 1982 жылы Ақтөбедегі бұрынғы жайлауымызға барып, Смағұл атамыздың басына дұға оқыдық. Одан әрі ауыльмыз көшкен Қарақалпақстан, Түркіменстанды арапап, сондағы зобалаң жылдардың күәгерлерін іздедік. Сөйтіл, тірнектеп жинағанымды осы үш романда баяндағы, – дейді жазушы.

1928 жылғы көмпеске, қүштеп ұжымдастыруға дейінгі қазақтың бар өмірі күіз үйде етті. Сондықтан да жазушы ақ боз үй қазақтың ұлттық бренді екенін айтады. Өткіншікे қарай, Голощекиннің асырасілтеуішлік, үр да жық саясат Алаш баласын ақ боз үйінен шығарып, иен да лаға қаңғытып жіберді. Жалған ұран, науқанышылдықпен жүргізілген саясат ашаршылыққа әкеп соқты. Смағұл Елубайдың осы тақырыпты алғаш болып зерттеуі, бірнеше роман жазып, қаси्रетті жылдарды қазақтың есіне салуы оқырманға ой салып, өткенге басқаша көзқараспен қарауымызға себеп болды. Ұлттық мұддені ту өткен осында шығармалардың қазіргі жастарға берері мол.

Сөз арасында қаламгер өзінің Қызылжарда болғанын да айтып қалды. Мұндағы бірқалыпты, тыныш өмір туралы өсерімен бөлісе отыра өнірдегі ұлттық мәселелерге аландастынын да жасырмады.

**Аяулым ОРАҚБАЙ,
Аружан БЕКТУҒАН,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың студенттері.**